

Қазақстан Республикасы Президентінің  
Әкімшілігі Басшысының 2010 жылғы  
17 наурыздағы № 01-39.19 бұйрығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
2010-2014 жылдарға арналған  
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Астана, 2010 жыл**

## 1. Ұлттық Банктің миссиясы және пайымдауы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) миссиясы Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Ұлттық Банк негізгі мақсатты іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешеді:

- 1) мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу;
- 2) төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- 3) валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асыру;
- 4) қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

### Ұлттық Банктің пайымдауы

Ұлттық Банк – ақша-кредит саясатын кәсіби және тиімді әзірлейтін және жүргізетін, Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал ететін және өз қызметін орталық банктер қызметтерінің ең үздік халықаралық тәжірибесіне сәйкес жүзеге асыратын орталық банк.

## 2. Ағымдағы жағдайды талдау

### 1. Ақша-кредит саясаты

2009 жылы инфляциялық үрдістер тұтыну бағасының өсу қарқынының бәсеңдеуімен сипатталды. 2009 жылғы желтоқсанның қорытындысы бойынша (2008 жылғы желтоқсанда – 9,5%) инфляция жылдық көрсетуде 6,2% құрады.

Баға тұрақтылығын ұстап тұрудың негізгі құралдары қысқа мерзімді ноталар шығару және банктерден депозиттер тарту болды. 2009 жылғы желтоқсанның соңында айналыстағы қысқа мерзімді ноталардың көлемі жыл басынан бері 1,5 есе ұлғайып 473,3 млрд. теңгені құрады, ал банктердің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі депозиттері бойынша қалдықтар 488,9 млрд. теңгеге дейін өсті (14,8 есе).

Сонымен қатар 2009 жылы ақша ұсынысы мынадай негізгі үрдістермен сипатталды. 2009 жылғы желтоқсанда ақша базасы 2008 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 60,7%-ға 2451,2 млрд. теңгеге кеңейді. Ақша базасы кеңеюінің негізгі себебі Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің өсуі есебінен болды. Ақша массасы 2009 жылғы 11 айда банк жүйесінің таза сыртқы активтерінің өсуі есебінен 13,2%-ға 7094,5 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. 2009 жылғы қаңтар-қарашада айналыстағы қолма-қол ақша 2,5%-ға 836,7 млрд. теңгеге дейін қысқарды.

2009 жылы Ұлттық Банк банктерге қайта қаржыландыру заемдарын беру, қайта қаржыландырудың ресми ставкасын және резервтік ең төменгі талаптардың нормативтерін төмендету бөлігінде ақша-кредит саясатын жүргізуді жалғастырды.

2009 жылдан бастап Ұлттық Банк ресми қайта қаржыландыру ставкасын бірте-бірте 10,5%-дан 7,0%-ға дейін төмендетті. Ставканың соңғы төмендеуі 2009 жылғы 4 қыркүйектен бастап 7,5%-дан 7,0%-ға дейін болды.

2009 жылғы наурызда банктерге ең төменгі резервтік талаптар ішкі міндеттемелер бойынша 2%-дан 1,5%-ға дейін және өзге міндеттемелер бойынша 3%-дан 2,5%-ға дейін төмендеді. 2008 жылдың ортасынан бастап ЕРТ нормативтерінің ішкі міндеттемелер бойынша 6% және өзге міндеттемелер бойынша 8% бірте-бірте және бірнеше рет төмендегенін ескере отырып жалпы сомасы 540 млрд. теңгеге өтімділік босатылды. Бұдан басқа, 2009 жылдың 30 қарашасынан бастап борышты қайта құрылымдау үрдісінде тұрған екінші деңгейдегі банктер үшін ЕРТ-ның жеке нормативтері белгіленген болатын.

2009 жылы Ұлттық Банк кері РЕПО операциялары және 2009 жылғы қаңтар-ақпанда СВОП операциялары арқылы банктерге қайта қаржыландыру заемдарын берді. 2009 жылы кері РЕПО операцияларының жалпы көлемі 5,9 трлн. теңге, СВОП операциялары – 1,4 трлн. теңге болды. Сонымен қатар 2009 жылдың наурызында Ұлттық Банк валюталық СВОП және банктердің Ұлттық Банктегі корреспонденттік есепшоттарындағы ақша қалдықтарының кепілдігімен СВОП операцияларын жүргізуді тоқтатқанын атап өтуге тиіспіз.

Бұдан басқа, кері РЕПО операцияларын жүргізу кезінде кепілдікті қамтамасыз ету тізбесі түзетілген болатын. Қазіргі уақытта тізбеге мемлекеттік бағалы қағаздар, Қазақстанның ұлттық компанияларының, шет мемлекеттердің, халықаралық қаржылық ұйымдардың, «Қазақстанның ипотекалық компаниясы» АҚ-ның, «Қазақстан Даму банкі» АҚ-ның, «Еуразия даму банкі» АҚ-ның облигациялары, сондай-ақ эмитенттері тікелей 100% мемлекет меншігінде немесе «Самрұқ-Қазына» ҰӘҚ немесе «ҚазАгро» холдингінде тұрған банктердің борыштық бағалы қағаздары кіргізілді.

2009 жылғы ақпанда жүргізілген теңге девальвациясынан және бұдан әрі Ұлттық Банктің берілген дәлізде бағамды ұстап тұруынан кейін ақша нарығында девальвациялық күтулердің төмендегені және тиісінше, теңгелік құралдар тартымдылығының ұлғайғаны белгіленді.

Ұлттық Банктің соңғы 2 жыл бойы қаржы секторында тұрақтылықты қамтамасыз ету жөнінде алдын ала қабылдаған шаралары нәтижесінде банк секторында теңге өтімділігінің ахуалы оң болып табылды және жақсара түсуде. Банктер өз қызметтерін жүргізуге қажетті құралдарға ие болып отыр.

Өтімділікпен ахуалдың тұрақтануы Ұлттық Банкте банктер резервтерінің өсімімен қоса жүрді. Атап айтқанда, егер 2008 жылдың желтоқсанында банктердің қысқа мерзімді ноталардағы, депозиттердегі және Ұлттық Банктегі

корреспонденттік есепшоттардағы өтімділік резерві 586,2 млрд. теңге болса, 2009 жылдың соңындағы жағдай бойынша ол 1,4 трлн. теңгеге бағаланады (яғни өсім 2,4 есе).

Бұған Ұлттық Банктің 2007 жылғы тамыздан бастап 2009 жылғы тамыз бойына қабылдаған бірқатар жүйелік шаралары ықпал етсе, онда Ұлттық Банктің кейінгі айлардағы сияқты және қазіргі кездегі шаралары түзету сипатына ие болуда.

Мәселен, 2009 жылғы тамызда ақша-кредит саясатының кейбір құралдарына өзгерістер енгізілген болатын. 2009 жылғы 10 тамыздан бастап Ұлттық Банк айналыс мерзімі 1 ай қысқа мерзімді ноталарды орналастыруды тоқтатты. Енді 3 және 6 айлық айналыс мерзімдерімен мақсатты түсімділігі тиісінше 2,9% және 3,3% (+/-0,1%) ноталар шығарылады.

2009 жылғы 1 желтоқсаннан бастап Ұлттық Банк банктерден 7 күн мерзімге 0,5% ставкасы бойынша (2009 жылғы шілдеде – 4,0%, 2009 жылғы тамызда – 2,0%), 1 ай мерзімге 1,0% ставкасы бойынша (2009 жылғы тамызда – 2,5%) депозиттер қабылдайды.

Ұлттық Банктің құралдарында және ақша-кредит саясатында қабылданған өзгерістер бірінші кезекте банктердің уақытша еркін өтімділігінің барынша ұзақ кезеңге «байлануына» бағытталды. Бұдан басқа, осы өзгерістер банктер үшін Ұлттық Банктің құралдары мен операциялары тартымдылығының аз болуына, банктердің ең алдымен өз саясатын өзгертулеріне және бос қаражаттарын Ұлттық Банкте жинамауына, ал оларды кіріс ала отырып экономиканы кредиттеуге пайдалануларына ықпал етулері тиіс.

Ұлттық Банктің шаралары банк жүйесінің өтімділігін ұстап тұруға мүмкіндік берді және сыртқы борышты өтеу төлемдерінің едәуір болғанына қарамастан, банктер экономиканы кредиттеу көлемін сақтап қалды. 2009 жылғы қарашаның аяғында банктердің экономикаға кредиттері бойынша берешегі 7822,4 млрд. теңгені құрады, бұл 2008 жылғы желтоқсанға қарағанда 4,9% көп.

Резиденттердің банк жүйесіне депозиттері 15,7%-ға өсіп, 6257,9 млрд. теңгеге дейін жетті.

Ұлттық Банк қызметінің басқа негізгі бағыты алтынвалюта активтерін (АВА) басқаруды жетілдіру болып табылады, себебі олар халықаралық төлемдер аясын мемлекеттік реттеудің аса маңызды құралдарына жатады. Олардың мөлшері елдің қаржылық жағдайының мықтылығын білдіреді. Әлемдік тәжірибеде өтімділіктің деңгейі алдағы 6 айға сыртқы мемлекеттік борышқа қызмет көрсету бойынша төлемдердің көлемінен аз болмауы тиіс деген пікір қалыптасқан.

Бүгінгі күні АВА басқару саласындағы негізгі міндет оның деңгейін экономикалық ахуалға барабар деңгейде ұстау болып табылады. 2009 жылғы қарашаның аяғында АВА көлемі 23,3 млрд. АҚШ долл. құрады.

## ***2. Валюталық реттеу және валюталық бақылау.***

Қазақстанда валюталық реттеу жүйесі қалыптасқаннан бері валюталық шектеулер капиталдың елден әкетілуіне ғана белгіленді. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын құру артық валюта ұсыныстарын ішінара айықтыруды ғана қамтамасыз етті, сондықтан 2002 жылдан бастап капитал ағынын реттеудің негізгі міндеті резиденттердің салымдарын инвестициялық сипаттағы шетел активтеріне, оның ішінде резиденттердің инвестициялық кірістерін ұлғайту мақсатында ынталандыру, сондай-ақ елдің тұтастай алғанда қаржы тұрақтылығы және экономикалық дамуы үшін елге шетел капиталының «артық» ағынына байланысты тәуекелдерді барынша азайту болды.

Әлемдік қаржы нарығын жаһандандыру, төлем жүйелерін инновациялық дамыту және қаржы құралдары спектрін тұрақты кеңейту валюталық шектеулер әлеуетін капитал ағындарын басқару құралы ретінде төмендетеді. Валюта дағдарыстарын басынан кешірген елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, валюталық шектеулердің әсер етуінің төтенше қысқа мерзімді (шамамен 6 айға жуық) сипаты бар. Сонымен қатар сыртқы экономикалық операцияларға қатысты артық әкімшілік шектеулердің және талаптардың болуы резиденттердің транзакцияларды жүргізу кезінде олардың шығасыларының ұлғаюына алып келеді және елдің экономикалық өсу көрсеткіштеріне және инвестициялық имиджіне теріс әсер етеді.

Валюталық шектеулерді енгізу экономикалық жағдайға қатаң түрде негізделуі тиіс – егер валюталық шектеулер резиденттерге халықаралық бизнес жүргізуге рұқсат беру бойынша объективті шектеулердің пайда болуы кезінде енгізілсе, онда олар ақталады. Өзгеше жағдайда, валюталық шектеулерді енгізу бизнесті тоқтатуға және оны елден алып кетуге әкеп соғуы мүмкін, тиісінше ұзақ мерзімді экономикалық өсу үшін сезінетін теріс салдарлармен.

Экономикалық үрдістерді реттеуді ырықтандыру валюталық реттеу рәсімдерін жеңілдету бағытының жалғасуын білдіреді. Осы жағдайларда ішкі валюталық нарықтың тұрақтылығы және елдің төлем балансының орнықтылығы үшін тәуекелдерді төмендетуге бағытталған валюталық реттеу әдістері мемлекеттік реттеушілердің мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне төнген қауіпке уақтылы және барабар жауап қатуы мүмкіндіктерінің сақталуын қамтамасыз етуі тиіс. Осылайша, жаңа жағдайдағы валюталық реттеудің және бақылаудың негізгі мақсаты республиканың әлемдік экономикаға одан әрі интеграциялануына мүмкіндік жасайтын ырықтандырылған валюта режимін құру және сыртқы экономикалық конъюнктура мен елдің валюта нарығындағы жағдай күрт өзгерген жағдайда барабар шешімдер қабылдау және жедел жауап қату үшін валюталық операциялар мониторингі жүйесінің тиімділігі болып табылады.

Валюталық реттеу және валюталық бақылау тәсілдерінің өзгеру нәтижелері елдің экономикалық өсуінің негізгі көрсеткіштерінің және Қазақстанның ұлттық валютасы – теңгенің халықаралық есеп айырысуға қатысуының кеңею динамикасында жанама түрде пайда болады. Сонымен қатар осы саладағы жетістіктер сондай-ақ ұлттық және әлемдік

бизнес-қоғамдастықтың валюталық заңнама тарапынан реттеуші талаптарды қабылдау арқылы атаулы түрде бағаланады, осы қабылдау елдің бәсекеге қабілеттілік индексін бағалайтын және қорытындысында елдің инвестициялық имиджіне әсер ететін құрылымдық элементтердің бірі болып табылады.

Валюталық операциялар мониторингі жүйесінің тиімділігіне капитал қозғалысы операциялар бойынша тіркеу және хабарлау механизмдері арқылы қолдау жасалады. Осы барлық механизмдер мәміле сомасы белгіленген шектен асқан кезде қолданылады, осы шек қазіргі кезде капиталдың әкетілуі үшін 100 мың АҚШ долл., әкелуі үшін 500 мың АҚШ долл. балама болады.

### *3. Төлем жүйелері*

Жүргізілетін тұрақтандыру шаралары шеңберінде Қазақстан экономикасы үшін төлем жүйелерінің тұрақты және тиімді жұмыс істеуін қолдау негізгі міндеттердің бірі болып қалады. Мемлекеттің екінші деңгейдегі банктерді қолдау жөнінде қабылдаған шаралары банк секторындағы өтімділік проблемасын төмендетуге мүмкіндік жасады және Қазақстанның төлем жүйелерінде төлемдер көлемінің өсуіне ықпал етті.

Әлемдік дағдарыстың әсері 2008 жылы Қазақстанның төлем жүйелері арқылы төлемдер көлемінің төмендеуінен байқалғанын атап өту керек. Мәселен, көрсетілген жылы ұлттық төлем жүйелері арқылы (Ақша аударудың банкаралық жүйесі және Банкаралық клиринг жүйесі) 141,9 трлн. теңге сомасына 24,4 млн. транзакция жүргізілген болатын, 2007 жылмен салыстырғанда төлемдер саны 3,6%-ға ұлғайғанда төлемдер көлемі 1,1%-ға төмендеді. 2009 жылы мемлекеттің екінші деңгейдегі банктерді қолдау жөнінде қабылдаған шаралары банк секторындағы өтімділік проблемасын төмендетуге мүмкіндік жасады және Қазақстанның төлем жүйелерінде төлемдер көлемінің өсуіне ықпал етті. Мәселен, 2009 жылдың қаңтар-қарашасында төлем жүйелері арқылы 142,8 трлн. теңгеге 23,3 млн. транзакция жүргізілді, бұл 2008 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда төлемдер сомасы бойынша 12,5%-ға және төлемдер саны бойынша 4,7%-ға көп.

Төлем жүйелерінің жоғары айналымдылығын мен даму тиімділігін ІЖӨ-ге қолма-қол емес төлемдердің көлемі коэффициентінің өсуі растайды, оның мәні 2009 жылдың 9 айында 10,2 құрады, ал 2002 жылы осы көрсеткіш небәрі 4,1 құрады.

Сонымен қатар өтімділіктің (АӨК)<sup>1</sup> және ақша айналымдылығының (ААК)<sup>2</sup> орташа жылдық коэффициенттерінің өтімділік тәуекелі, жүйелік тәуекел ең төменгі болып саналатын мәндерге сәйкес келуін қамтамасыз ету өтімділіктің жетпеу себебі жөніндегі міндеттемелердің орындалмау тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік жасайды.

Операторы «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Банкаралық есеп айырысу орталығы» РМК болып табылатын банкаралық төлем жүйелерін тиімді дамыту көрсеткіштерінің бірі төлем жүйелерінің үздіксіз жұмысының (жұмысқа қабілеттілігінің) жоғары коэффициентін<sup>3</sup> ұстап тұру болып табылады, бұл Қазақстан Республикасының аумағында төлемдерді уақтылы жүргізуге мүмкіндік жасайды. Орташа алғанда 2009 жылғы қаңтар-қарашада үздіксіз жұмыс коэффициенті Ақша аударудың банкаралық жүйесінде 99,80%, Банкаралық клиринг жүйесінде 99,93% құрады.

Төлем жүйелерінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету саласында басым бағыттардың бірі жұмыс істеп тұрған төлем жүйелерін әрмен қарай жетілдіру және техникалық инфрақұрылымды жаңғырту бойынша жұмыстар жүргізу болып табылады. Осы жұмыстар шеңберінде Астана қ. жаңа резервтік орталық құру жөнінде тиісті іс-шаралар жүргізілетін болады.

Басым мәні бар негізгі проблемалардың бірі қажетті жағдайларды, оның ішінде елде бөлшек қолма-қол емес, оның ішінде инновациялық төлем құралдарын қолдануға негізделген төлемдерді дамытуға арналған жеткілікті нормативтік құқықтық базаны жасау болып табылады. Сонымен бірге халыққа жеке банктік қызметтер көрсету спектрін кеңейтуге және сапасын арттыруға, төлемдік қызметтер көрсету нарығын дамыту және инновациялық технологиялар енгізу, бәсекелестік нарық жағдайларын көтермелеу, қажетті инфрақұрылымдарды дамыту, төлем карточкаларын пайдалануға арналған тиісті жағдайлар жасау үшін құқықтық кедергілерді жоюға ерекше назар аударылатын болады.

---


$${}^1\text{АӨК} = \frac{\text{Лс}}{\Sigma\text{Д} + \Sigma\text{Н}},$$

мұндағы: АӨК – БААЖ-ның операциялық күн ішіндегі өтімділік коэффициенті; Лс – БААЖ-ның ағымдағы өтімділігі (операциялық күн ішінде БААЖ-ға түскен/алынған ақша сомасын қоса алғанда, пайдаланушылардың БААЖ-ғы операциялық күннің басындағы ақша қалдығы кіретін сома);  $\Sigma\text{Д}$  – БААЖ бойынша дебеттік айналым сомасы (пайдаланушылардың операциялық күн ішіндегі жалпы дебеттік айналым сомасы);  $\Sigma\text{Н}$  – өтімділіктің жетпеуі себебі бойынша операциялық күннің аяғында БААЖ-да жойылған, орындалмаған төлемдердің сомасы.

$${}^2\text{ААК} = \Sigma\text{Д} / \text{Лс},$$

мұндағы ААК – БААЖ-ның операциялық күн ішіндегі ақша айналымының коэффициенті;  $\Sigma\text{Д}$  – БААЖ бойынша дебеттік айналым сомасы (пайдаланушылардың операциялық күн ішіндегі жалпы дебеттік айналым сомасы); Лс – БААЖ-ның ағымдағы өтімділігі (операциялық күн ішінде БААЖ-ға түскен/алынған ақша сомасын қоса алғанда, пайдаланушылардың БААЖ-ғы операциялық күннің басындағы ақша қалдығы кіретін сома).

<sup>3</sup> Төлем жүйесінің бір жылғы жұмыс қабілеттілік коэффициенті төлем жүйесінің нақты жұмыс уақытының (төлем жүйесі тоқтатылған уақыт кезеңін қоспағанда, төлем жүйесінің операциялық күні ашылғаннан бастап жабылғанға дейінгі уақыт кезеңі) жалпы жұмыс уақытына (төлем жүйесінің операциялық күні ашылғаннан бастап жабылғанға дейінгі уақыт кезеңі) қатынасы ретінде есептеледі.

#### ***4. Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал ету***

Экономиканың және қаржы саласының бірқатар көрсеткіштерінің теріс динамикасы 2009 жылы сыртқы күйзелістердің (негізгі экспорттық баптарға бағаның құбылмалылығы және капиталдың халықаралық нарықтарының жабылуы) жиынтығымен және елдің экономикалық және қаржы жүйелерінің құрылымдық проблемаларымен байланысты тәуекелдерді заттандырумен айқындалды. Атап айтқанда, қаржы тұрақтылығын әлсірететін факторлардың арасынан мыналарды бөлуге болады:

- а) экономикадағы құрылымдық сәйкессіздігі және оның шикізат экспортына бағдары, сондай-ақ экономиканың экспорттың бағдарына байланысты төлем балансындағы сәйкессіздіктері;
- б) қаржы секторының түрлі сегменттерінде, әсіресе банк саласында активтердің шоғырлануының жоғары деңгейі;
- в) дүрбелең жылдары қалыптасқан экономиканың банк және нақты секторларының сыртқы қорландыруға арналған бағдарлылығы, сондай-ақ оларға байланысты тәуекелдер;
- г) қаржы секторының нақты барлық сегменттерінде қаржы тәуекелдерін басқарудың барабар тәжірибесінің болмауы.

Экономиканы және қаржы секторын мемлекеттік қолдау шаралары қаржы дағдарысының теріс әсерін едәуір төмендетуге мүмкіндік берді, алайда олар иррационалдық сипаттағы аспектілерді жеңіп шығуға жол берген жоқ. Мәселен, 2007 – 2009 жылдары дағдарыстың әсерлерінің бірі өзінің кредиттік белсенділігінің қысқаруы аясында өтімділіктің ең жоғары деңгейін қолдауды артық көрген банктердің тәуекелді консервативті түрде қабылдауы болды. Алайда экономикалық және қаржы агенттерінің тәуекелдерді қабылдамауы уақытша сипатта болады және экономиканың өсу фазасының басталуымен тәуекелдерді толық бағалауымен ауыса алады. Осыған байланысты биліктің алдында жүйелік және макроэкономикалық тәуекелдерді бағалау мен басқарудың барабар және тиімді құралдарын әзірлеу міндеті тұр.

Қазақстан Республикасының қаржы секторын дағдарыстан кейінгі кезеңде дамыту тұжырымдамасының жобасы қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша қызметтің маңызды бағыттарының бірі макропруденциалдық реттеу болады деп пайымдайды. Өткен экономикалық циклдың тәжірибесі қаржылық және нақты активтердің нарықтарындағы контрциклдық реттеуге және баланстық теңсіздікті болдырмауға бағытталған макропруденциалдық реттеу жүйелерін қалыптастырудың маңыздылығын көрсетті. Макро- және микропруденциалдық реттеулердің келісілген шараларының тиімділігі көп жағдайда қысқа- және ұзақ мерзімді перспективадағы тәуекелдерді сапалы бағалауға арналған құралдардың болуына және олардың қаржы тұрақтылығына тигізетін ықпалына байланысты. Бизнес-циклдың фазаларына байланысты оларды капиталдандыруға және өтімділіктің деңгейіне қойылатын талаптарды өзгерту арқылы қаржы институттарын реттеу механизмдерін ендіру макропруденциалдық реттеудің басты маңызды құралдарының бірі



болуы тиіс. Ішкі, сол сияқты сыртқы сипаттағы жүйелік тәуекелдерді басқару механизмдері макропруденциалдық реттеудің маңызды элементтері болуы тиіс.

Тұтастай алғанда, макропруденциалдық реттеудің ең көп тиімділігі, егер ол жалпы макроэкономикалық саясаттың ажырамас бөлігі ретінде жүзеге асырылатын болса, оған қол жеткізіледі. Осыған байланысты Ұлттық Банк өзінің қызметін қаржы тұрақтылығын қамтамасыз етуге және макропруденциалдық реттеу шараларын жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлуі тиіс.

### 3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қызметінің стратегиялық бағыттары, даму мақсаттары және мақсатты индикаторлар

	Көрсеткіштің атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
<b>Стратегиялық бағыт. 1. Мемлекеттің ақша-кредиттік саясатын әзірлеу және жүргізу</b>									
<b>№1 мақсат. Қазақстан Республикасында қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу</b>									
<b>Мақсатты индикатор</b>	Сыртқы және ішкі міндеттемелер бойынша дефолттарға жол берген банктердің саны	саны	0	3	0	0	0	0	0
<b>№1 міндет</b>	Қаржы делдалдығы деңгейінің мониторингі								
	Кредит нарығының параметрлеріне зерттеу жүргізу	банктерге жүргізілген сұрақ-жауаптар саны	3	4	4	4	4	4	4
	Қаржы тұрақтылығы туралы есепті жариялау	жарияланымдар саны	1	1	1	1	1	1	1
	Өңірлік бөліністі қоса алғанда, елдің кредит нарығының жай-күйі	есептердің саны							

	туралы мынадай бағыттар бойынша статистикалық ақпарат жасау және жариялау: - кредиттеу объектілері - қызмет түрлері - халыққа ипотекалық кредит беру - тұтынушылық кредиттеу - шағын бизнес		24	24	24	24	24	24	24
			24	24	24	24	24	24	24
			24	24	24	24	24	24	24
			24	24	24	24	24	24	24
			24	24	24	24	24	24	24
<b>№2 міндет</b>	Салымшылардың банк жүйесіне сенімін қолдау								
	«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ жарғылық капиталын ұлғайту	%	5,25 есе	10	10	10	10	10	10
<b>№3 міндет</b>	Қаржы ұйымдарында халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын тиімді қолдануды қамтамасыз ету								
	Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бойынша нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ қаржы ұйымдарының бухгалтерлік есебін жүргізуді автоматтандыру бойынша талаптарды жетілдіру	нормативтік құқықтық актілер саны	10	13	10	10	10	10	10

	Қаржы ұйымдарының бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру жүйелеріне қойылатын талаптарды сақтауына бақылауды, оның ішінде ҚҚА қызметкерлерін қатыстыра отырып, тексерулер арқылы бақылауды жүзеге асыру	қаржы нарығы субъектілерін тексеру саны	30	37	20	20	20	20	20
	Қаржы ұйымдарының қызметкерлерін, ЖОО студенттерін және ҚҚА-ны ХҚЕС бойынша оқыту және біліктіліктерін арттыру бойынша іс-шаралар жүргізу	семинарлар саны	7	9	7	7	7	7	7
<b>№4 міндет</b>	<b>Банк жүйесінің өтімділігін қолдау</b>								
	Банктің қайта қаржыландыру операциялары және ұсынылған кепілдіктері бойынша Ұлттық Банктің алдындағы өтелмеген міндеттемелерінің көлемі	банктің жиынтық меншік капиталынан %	7,2	50-ден аспайт ын	50-ден аспайт ын	50-ден аспайт ын	50-ден аспайт ын	50-ден аспайт ын	50-ден аспайт ын
	Ең төменгі резервтік	кезеңнің							

	талаптардың нормативтері: - ішкі міндеттемелер бойынша - өзге міндеттемелер бойынша	аяғында %:			кемінд е 6 8	кемінд е 6 8	кемінд е 6 8	кемінд е 6 8	кемінд е 6 8
<b>№5 міндет</b>	Төлем балансы мониторингін жетілдіру								
	Сыртқы экономикалық есепшоттар бойынша статистикалық зерттеулер	саны	17	17	17	17	17		
	Жаңа әдіснамаға сәйкес сыртқы экономикалық есепшоттар бойынша статистикалық зерттеулер	саны						17	17
	Сыртқы статистиканы қалыптастырудың жаңа әдіснамасына сәйкес төлем балансы бойынша статистикалық есептерді қайта қарау	нысандар саны			1	2	9		
	Төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш бойынша статистикалық материалдарды жариялау	Ұлттық Банктің веб-сайтында жарияланатын талдау кестелерінің саны	26	29	29	29	29	29	
	Жаңа әдіснамаға сәйкес	Ұлттық							29

	төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш бойынша статистикалық материалдарды жариялау	Банктің веб-сайтында жарияланатын талдау кестелерінің саны							
	Төлем балансының жаңа әдіснамасы бойынша мамандарды сыртқы сектордың статистикасы жөнінде оқыту бойынша семинарлар жүргізу	саны			1		1	1	
	Төлем балансының жаңа әдіснамасы бойынша сыртқы экономикалық шоттарды қалыптастыру туралы ақпараттық-түсіндіру кампаниясы	БАҚ-тағы жарияланымдар саны	1		1	1			
	Тікелей инвестициялар бойынша статистикалық деректер спектрін кеңейту	жаңа зерттеулер саны			1				
<b>№2 мақсат. Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету</b>									
<b>Мақсатты индикатор</b>	Инфляцияны ұстап тұру (әлемдік және отандық экономикадағы едәуір нашарлауы және сыртқы күйзелістер болмаған жағдайда)	% - жылдың аяғында	9,5	6,2	6,0-8,0	5,0-8,0	5,0-8,0	5,0-8,0	5,0-8,0

№1 міндет	Экономикадағы ақша ұсынысын реттеу								
	Экономиканы монеталандыру деңгейі (М3 ақша массасының номиналды ІЖӨ-ге қатынасы)	%	39	45	44-46	40-тан төмен емес	40-тан төмен емес	40-тан төмен емес	40-тан төмен емес
	Ақша агрегаттары көлемінің өзгеруі: - ақша массасы(М3) - айналыстағы қолма-қол ақша (М0)	%	35,4	17,9	8-12	7-12	7-12	7-12	7-12
	Резиденттердің банк жүйесіндегі депозиттерінің көлемі	ІЖӨ -ге %	33,7	40,1	35-тен төмен емес	35-тен төмен емес	35-тен төмен емес	35-тен төмен емес	35-тен төмен емес
	Банктердің экономикадағы кредиттерінің көлемі	ІЖӨ -ге %	46,5	47,4	40-тан төмен емес	40-тан төмен емес	40-тан төмен емес	40-тан төмен емес	40-тан төмен емес
№2 міндет	Ұлттық Банктің ставкалар дәлізінде инфляция бойынша мақсатқа қол жеткізуге ықпал ететін нарықтық пайыздық ставкаларды қолдау								
	Ақша нарығындағы жағдайға және инфляция деңгейіне байланысты ресми қайта қаржыландыру ставкасын белгілеу	кезең соңына %	10,5	7,0	<i>Инфля - ция±1, 5%</i>	<i>Инфля ция±1, 5%</i>	<i>Инфля ция±1, 5%</i>	<i>Инфля ция±1, 5%</i>	<i>Инфля ция±1, 5%</i>
№3 міндет	Ақша-кредит саясаты бойынша шешімдер қабылдаудың транспаренттілігін арттыру								
	Ұлттық Банк басшылығының баспасөз конференцияларын	саны	15	11	12	12	12	12	12

	өткізу								
	Ақша-кредит саясатының мәселелері бойынша баспасөз релиздерін шығару	саны	40	16	12	12	12	12	12
	Ұлттық Банктің жылдық есебін жариялау	саны	1	1	1	1	1	1	1
	«Инфляцияға шолуды» шығару	саны	4	4	4	4	4	4	4
	«Ұлттық Банктің статистикалық бюллетенін» шығару	саны	12	12	12	12	12	12	12
	«Ұлттық Банктің экономикалық шолуын» жариялау	саны	4	4	4	4	4	4	4
<b>№3 мақсат.</b> Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерінің өтімділігін және сақталуын қамтамасыз ету									
<b>Мақсатты индикатор</b>	Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерінің көлемі	тауарлар мен қызмет көрсетулерді импорттау айлары	4,8	9 ай қорытындылары бойынша 6,6	3 кем емес	3 кем емес	3 кем емес	3 кем емес	3 кем емес
<b>№1 міндет</b>									
	Өтімділік портфелі көлемінің алдағы 6 айда сыртқы мемлекеттік борышқа қызмет көрсету жөніндегі төлемдердің көлеміне қатынасы		165	155	1 кем емес	1 кем емес	1 кем емес	1 кем емес	кем емес

	Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерінің өтімділік портфелінің көлемі	млрд. АҚШ долл.	9,91	9,48	1 кем емес	1 кем емес	1 кем емес	1 кем емес	кем емес	
<b>№2 міндет</b>	Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерінің сақталуын қамтамасыз ету									
	Сыртқы алтынның тұрақты көлемі	млн. троя унциясы	1,6	1,6	1,5 кем емес	1,5 кем емес	1,5 кем емес	1,5 кем емес	1,5 кем емес	
	Эталондық портфельге кіретін елдердің мемлекеттік (тәуелсіз) және агенттік борыштық міндеттемелерінің, халықаралық қаржы ұйымдарының борыштық міндеттемелерінің, алтынвалюта активтерінің инвестициялық портфеліндегі қолма-қол ақшаның үлесі	%	98	99	70 кем емес	70 кем емес	70 кем емес	70 кем емес	70 кем емес	
<b>2-стратегиялық бағыт. Тиімді валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асыру</b>										
<b>№1 мақсат.</b> «Капитал қозғалысын шектеу» ҒБИ көрсеткіші бойынша Қазақстанның рейтингін жақсартуға арналған валюталық реттеудің либералды жүйесін қолдау										
<b>Мақсатты индикатор</b>	Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексі шеңберінде «Капитал қозғалысын шектеу» көрсеткіші	орын	114	116	112 төмен емес	110 төмен емес	109 төмен емес	109 төмен емес	107 төмен емес	



№1 міндет	Қазақстан Республикасында валюталық режимді бұдан әрі ырықтандыру								
<p>Тіркеуге жататын валюталық операциялар бойынша шекті мән:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- капитал әкетілуінің операциялары үшін</li> <li>- капитал әкелінуінің операциялары үшін</li> </ul>	мың АҚШ долл.	50	100	100	100	100	100	100	100
		300	500	500	500	500	500	500	500
	Экспорттық-импорттық валюталық бақылауға жататын валюталық операциялар бойынша шекті мән	мың АҚШ долл.	10	50	50	50	50	50	50
Валюталық құндылықтардың айналымын реттеу тәртібін жетілдіру	нормативтік құқықтық актілердің саны	4	7	2	2	2	2	2	2
№2 міндет	Валюталық операциялар мен капитал ағындары бойынша толық және шынайы ақпаратты алу мақсатында валюталық бақылауды жетілдіру								
Банктерді және олардың филиалдарын инспекциялауды жүргізу, тексерумен қамтылған банктердің үлесі	%	17	29	20	20	20	20	20	20
Уәкілетті ұйымдарды инспекциялауды жүргізу, тексерумен қамтылған уәкілетті ұйымдардың үлесі	%	14	63	50	50	50	50	50	50

<b>№3 міндет</b>	Валюталық заңнаманы бұзудың алдын алу мақсатында халықтың және бизнес қоғамдастықтың Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру тәртібі туралы хабардар болуын бұдан әрі арттыру								
	Валюталық реттеу мен валюталық бақылаудың мақсаттары туралы ақпараттық түсіндіру кампаниясын жүргізу: - БАҚ-та жариялау және сөз сөйлеу; - семинарлар өткізу	саны							
			5	13	5	5	5	5	5
			2	4	2	2	2	2	2
<b>3-стратегиялық мақсат. Төлем жүйелерінің жұмыс істеуін ұйымдастыру</b>									
<b>№1 мақсат. Төлем жүйелерінің жұмыс істеуінің тиімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету</b>									
<b>Мақсатты индикатор</b>	2009 жылмен салыстырғанда елдегі қолма-қол жасалмайтын төлемдер көлемінің өсуіне қол жеткізу	%	2007 жылмен салыстырғанда -1,1	2008 жылмен салыстырғанда 12,6	8 кем емес	10 кем емес	13 кем емес	17 кем емес	22 кем емес
<b>№1 міндет</b>	Операторы «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» РМК болып табылатын ұлттық төлем жүйелерінің (Банкаралық ақша аудару жүйесі және Банкаралық клирингі жүйесі) тиімді, сенімді және іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету								
	Төлем жүйелерінің <sup>4</sup> бір жылдағы жұмыс қабілеттілігінің	%	90 кем емес	90 кем емес	90 кем емес	90 кем емес	90 кем емес	90 кем емес	90 кем емес

<sup>4</sup> Төлем жүйесінің бір жылдағы жұмыс қабілеттілігінің коэффициенті нақты жұмыс уақытының (төлем жүйесі тоқтатылған уақыт кезеңін қоспағанда төлем жүйесінің операциялық күні ашылғаннан операциялық күні жабылғанға дейінгі уақыт кезеңі) төлем жүйесінің жалпы жұмыс уақытына (төлем жүйесінің операциялық күні ашылғаннан операциялық күні жабылғанға дейінгі уақыт кезеңі) қатынасы ретінде есептеледі.

коэффициенті									
Өтімділік тәуекелі, жүйелік тәуекел ең аз деп есептелетін орташа жылдық ақша өтімділігі (АӨК) мен ақша айналымы коэффициенттерінің (ААК) БААЖ-ның мәндеріне сәйкес келуі		АӨК= 1,04 ААК= 1,06	КОД және АӨК $\geq 0,9$ және $\leq 1,1$	ААК $\geq 0,5$ кезінд е АӨК $\leq 1,5$	ААК $\geq 0,5$ кезінде АӨК $\leq 1,5$	ААК $\geq 0,5$ кезінде АӨК $\leq 1,5$	ААК $\geq 0,5$ кезінде АӨК $\leq 1,5$	ААК $\geq 0,5$ кезінде АӨК $\leq 1,5$	ААК $\geq 0,5$ кезінд е АӨК $\geq 0,5$

#### 4. Функционалдық мүмкіндіктер және ықтимал тәуекелдер

Ұлттық Банктің функционалдық мүмкіндіктеріне мыналар кіреді:

##### 1. Қызмет көрсету сапасын арттыру

Ұлттық Банк Төрағасының бұйрығымен бекітілген стандарттауды талап ететін Ұлттық Банктің жеке және заңды тұлғаларға көрсететін Қызметтер тізілімі негізінде қызмет көрсету стандарттарын және қызмет көрсету регламенттерін енгізу.

##### 2. Ақпарат технологиясын жетілдіру

1. Қаржы құралдарын және нарықтарды талдауды, қарсы әріптестердің және бағалы қағаздар эмитенттерінің кредит нарығын талдауды автоматтандыру бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

2. Ұлттық Банк бөлімшелерінің өтінімдері бойынша:

– ИААЖ шағын жүйелерінің функционалдық мүмкіндіктерін жетілдіру және жаңа шығыс нысандарын қалыптастыру бөлігінде;

– ҚРҰБ Төрағасының 2008 жылғы 5 қыркүйектегі бұйрығына сәйкес банк шоты нөмірлерінің және банктік сәйкестендіру кодының, сондай-ақ сәйкестендіру нөмірлерінің бірыңғай құрылымын пайдалануға көшу бөлігінде;

– Ұлттық Банктің қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілеріне, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамалық актілеріне, нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізілуіне байланысты, сондай-ақ Ұлттық Банктің жаңа нормативтік құқықтық актілерінің, Қазақстан Республикасының жаңа заңнамалық актілерінің қабылдануына байланысты;

– бөлімшелердің бизнес-процестерін автоматтандыру бөлігінде;

– ҚРҰБ веб-порталының пилоттық жобасын әзірлеу бөлігінде интеграцияланған автоматтандырылған ақпарат жүйелерінің (ИААЖ) шағын жүйелерін әзірлеу, пысықтау және дамыту бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

3. Ұлттық Банктің жаңа Резервтік Орталығын құру бойынша жұмысқа қатысуы жоспарланады.

4. Ұлттық Банктің бейнеконференцбайланыс жүйесін жетілдіру.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 қарашадағы № 1155-1 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының «Электрондық үкіметті» дамытудың 2008 - 2010 жылдарға арналған бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделген жұмыстар шеңберінде:

– Ұлттық Банкті Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қорғалған бірыңғай тасымалдау жүйесіне қосу бойынша;

– Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесіне қосу бойынша жұмыстарды жүргізу көзделіп отыр.

### ***3. Қызметкерлердің кәсіби деңгейін көтеру***

Сараптамалық деңгейде кездесулерді ұйымдастыру, қызметкерлерді оқыту арқылы Ұлттық Банктің қызметін жетілдіруге бағытталған орталық банктердің ынтымақтастығы шеңберінде, сондай-ақ ұзақ мерзімді басымдықтарды ескере отырып орталық банк қызметінің мәселелері бойынша халықаралық ұйымдардан (ХВҚ, Ислам Даму Банкі және басқалары) техникалық көмек алу шеңберінде шетелдік орталық банктерде және халықаралық ұйымдарда Ұлттық Банк қызметкерлерінің біліктілігін көтеру практикасы жалғастырылады.

ЕурАзЭҚ елдерінің орталық (ұлттық) банктерінің қызметкерлерін оқыту саласындағы ынтымақтастық шеңберінде Ұлттық Банк қызметкерлерін ЕурАзЭҚ елдерінің орталық (ұлттық) банктерінің базасында семинарлар мен тағылымдамаларда оқыту жалғастырылады.

Ұлттық Банктің қызметкерлерін және қаржы жүйесінің өкілдерін оқытумен қамтуды кеңейту үшін Ұлттық Банктің оқу орталығын құру бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

#### ***4. Қызметкерлерге басшылық ықпал етуді жетілдіру***

Қызметін жақсарту және жетілдіру үшін Ұлттық Банк қызметкерлерге басшылық ықпал етудің мынадай: қызметкерлерді іріктеу, жалдау, бейімдеу, оқыту, аттестациялау әдістері мен тәсілдерін, ынталандыру жүйесін әзірлеу және жетілдіру бойынша жұмысты, сондай-ақ мемлекеттік тілді дамыту бойынша жұмысты жалғастыратын болады.

#### ***5. Қаржы жүйесі үшін жоғары білікті мамандар даярлауға қатысу***

Қазақстанның қаржы жүйесін (оның ішіне Ұлттық Банкті) жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету үшін Ұлттық Банк Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің MBA бағдарламасы бойынша магистратурасы арқылы мемлекеттік органдар мен қаржы ұйымдары үшін мамандар даярлауға және қайта даярлауға қатысуын жалғастырады.

#### ***6. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпараттық-түсіндіру жұмысы***

Жұртшылықты Ұлттық Банктің мемлекеттік орган ретіндегі қызметі туралы хабардар ету, Қазақстан Республикасының экономикасында болып жатқан үдерістермен объективтік түрде таныстыру мақсатында, Ұлттық Банк әр түрлі республикалық және шетелдік басылымдарда және электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында Ұлттық Банктің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге, Қазақстан Республикасының стратегиялық құжаттарында айқындалған басымдықтарды іске асыру жолдарына қатысты мәселелер бойынша кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмысын жалғастыратын болады.

Ұлттық Банктің алдында қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес, төмендегідей PR негізгі құралдарын пайдалана отырып салалық мақсатқа сай бағытталған жұмыс жүргізілетін болады:

1) мемлекеттік мүдделерге, негізгі мақсатты аудиториялардың күтулеріне және Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің даму динамикасына міндетті түрде сәйкес келтіре отырып, Ұлттық Банктің ақпараттық-имидждік саясатын қалыптастыру және жетілдіру бойынша;

2) Ұлттық Банктің мемлекеттің ақша-кредит саясатын жүргізу арқылы баға тұрақтылығын, Қазақстан Республикасының төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, валюталық реттеу мен валюталық бақылауды жүзеге асыратын институт ретіндегі беделін қолдауға бағытталған ақпараттық ашықтыққа қол жеткізу бойынша;

3) Ұлттық Банк туралы ішкі және сыртқы ақпараттық жолдарда оң түсініктерді одан әрі арттыру, қоғамның Ұлттық Банктің бастамаларын оң қабылдауын қалыптастыруды жалғастыру, Ұлттық Банктің мемлекеттік орган, қаржы жүйесінің өзегі және қаржы тұрақтылығының негізгі факторы болып табылатын Қазақстан Республикасының

ақша-кредит саясатының табысты жүргізілуін қамтамасыз ететін және тұтастай алғанда маңызды макроэкономикалық міндеттердің орындалуына ықпал ететін елдің басты банкі ретіндегі оң имиджін нығайту бойынша;

4) өзінің бедел-маркетингтік міндеттерін шешу үшін жұртшылықпен өзара іс-әрекет жасау стратегиясының негізгі элементтерін айқындау, Ұлттық Банктің ақпараттық-имидждік қызметінің перспективалы бағыттарын әзірлеу, мүдделі бұқаралық ақпарат құралдары бар ұзақ мерзімді, стратегиялық коммуникациялар құру бойынша;

5) шетелде Қазақстан Республикасының оң имиджін нығайтуға ықпал ету, елдің қаржы жүйесінде болып жатқан үдерістерді халықаралық рейтингтік ақпарат агенттіктері арқылы түсіндіру мақсатында шетелдік жетекші бұқаралық ақпарат құралдарымен ақпараттық өзара іс-әрекет жасаудың негізгі механизмдерін әзірлеу бойынша, мүдделі мемлекеттік органдар мемлекеттік тапсырыс бойынша әзірлеген жобаларға қосу.

### **7. Өңірлік бірлестіктер шеңберінде интеграциялық үдерістерге қатысу**

ТМД елдерінің аумағында қаржы жүйелерінің интеграциялық үдерістерін дамыту шеңберінде Ұлттық Банк сауда-экономикалық, ақша-кредиттік және валюталық қатынастарды дамытуды, заңнаманы жүйелі түрде үйлестіруді жүзеге асыруға қамтамасыз етуге қатысады.

### **8. Ықтимал тәуекелдер**

Ұлттық Банк қызметінің барысында жоғарыда белгіленген мақсатты индикаторларға қол жеткізбеуге әкеп соқтыруы мүмкін бірқатар сыртқы және сол сияқты ішкі тәуекелдер туындауы мүмкін.

<b>Тәуекелдің атауы</b>	<b>Алдын алу және (немесе) уақтылы жауап қату шаралары қабылданбаған жағдайдағы ықтимал салдарлар</b>	<b>Басқару механизмдері және шаралары</b>
<b>Ауқымды</b>		
Энергия тасымалдауыштардың әлемдік бағаларының құлдырауы	Экспорттық түсімдердің күрт төмендеуі, елдің сыртқы өтімділігіне және төлем жасау қабілеттігіне байланысты жағдайдың тұрақсыздануы	ҚРҰБ және Ұлттық қордың халықаралық резервтерінің қаражатын активтердің жоғары өтімділігін және инвестициялық кірістің өсуін қамтамасыз ететіндей тиімді басқару. Дағдарысқа қарсы жедел жауап қату шараларын және оларды қолдану шараларын әзірлеу

Тәуекелдің атауы	Алдын алу және (немесе) уақтылы жауап қату шаралары қабылданбаған жағдайдағы ықтимал салдарлар	Басқару механизмдері және шаралары
Әлемдік қаржы дағдарысы	Қазақстанның қаржы жүйесінің тұрақсыздануы	
Қаржы тұрақтылығына қауіп	Жүйелік дағдарыстың дамуы	<p>1. ҚҚА және ҚРҰБ 2008 жылғы 27 мамырдағы № 166/1 және № 202 бірлескен бұйрығымен бекітілген жүйелік тәуекелдерге жедел жауап қату жоспарының шараларын іске асыру</p> <p>2. Қазақстандағы макропруденциалдық реттеуді ендіру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру</p>
<b>Институционалдық</b>		
Мемлекеттік органдардың капиталды жұмылдыруға әсер ететін шаралар бойынша іс-әрекеттерінің үйлеспеуі	Салықтық және кедендік басқару, сондай-ақ қаржы ұйымдарын пруденциалдық реттеу бойынша келісілмеген шараларды қабылдау нәтижесінде елден капиталды бақыланбайтын шығару арналарын құру	Ведомствоаралық үйлестіруді нығайту
Өтімділік тәуекелі: АВА өтімділік портфелі көлемінің алдағы 6 айда сыртқы мемлекеттік борышқа қызмет көрсету бойынша төлемдер көлемінен төмен болуы	Өтімділік дағдарысы болған кезде бос қаражаттың (АВА инвестициялық портфелінен активтерді аудару және оларды қолма-қол қаражатты босату үшін сату үшін қажетті) түсуі 1 күнге кешіктірілуі мүмкін	Күнтізбелік тоқсанда 1 рет тексеріледі (әрбір тоқсанның 10-шы жұмыс күнінде). Егер өтімділік портфелінің нарықтық құны осы өлшемдерге сәйкес келмесе, осындай сәйкессіздік анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде инвестициялық портфельден активтердің бір бөлігін аудару арқылы өтімділік портфелін толықтыру жүргізіледі

Тәуекелдің атауы	Алдын алу және (немесе) уақтылы жауап қату шаралары қабылданбаған жағдайдағы ықтимал салдарлар	Басқару механизмдері және шаралары
Қолма-қол ақшаға сұраныс күрт өскен кезде қолма-қол ақшаның жетіспеу тәуекелі	Қолма-қол ақша айналысының жұмыс істеу тиімділігінің төмендеуі немесе жекелеген аймақтарда қолма-қол ақшамен төлемдерді жүзеге асыруға мүмкіндіктің болмауы және соның салдарынан әлеуметтік шиеленістің туындауы	Дағдарыс болған жағдайда республиканың барлық аймағына қолма-қол ақша жеткізу жөніндегі шараларды әзірлеу
Мамандардың тұрақтамау тәуекелі	ҚРҰБ қызметі нәтижелілігінің төмендеуі	Қызметкерлерді ынталандыру жүйесін жетілдіру және қызметкерлердің біліктілік деңгейін арттыру

### **9. Ішкі бақылау жүйесі туралы.**

Ұлттық Банкте ішкі бақылау жүйесі жұмыс істейді, оны ұйымдастыру тәртібі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Директорлар кеңесінің 2006 жылғы 8 қыркүйектегі № 147 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ішкі бақылауды ұйымдастыру тұжырымдамасында айқындалған. Ұлттық Банктегі ішкі бақылаудың мақсаты:

- 1) ресурстарды үнемді және тиімді пайдалануды;
- 2) активтердің сақталуын және тән тәуекелдерді бақылауды;
- 3) қаржылық және басқару есептілігінің сенімділігін және тұтастығын;
- 4) Ұлттық Банктің қызметін қолданылып жүрген заңнамаға және нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ қабылданған саясаттарға, нормаларға және рәсімдерге сәйкес жүзеге асыруды қамтамасыз ету кезінде белгіленген мақсаттар мен міндеттерді орындау болып табылады.

Ішкі бақылау жүйесін жетілдіру мақсатында мынадай шараларды орындау көзделген:

- жүзеге асырылатын бизнес-процестер және оларға тән тәуекелдер бойынша қолда бар бақылау шараларын жыл сайын сынақтан өткізу;
- Ұлттық Банк бөлімшелерінің қызметіне тұрақты түрде аудиторлық тексерулер жүргізу;



- қолда бар бақылау шараларының тиімділігін, операцияларға белгіленген лимиттердің (шектеулердің) барабарлығын талқылау;

- Ұлттық Банк органдары мен басшылығының аудиторлық тексерулердің нәтижелері бойынша тапсырмаларының және Аудиторлық компанияның Ұлттық Банктің жылдық қаржылық есептілігін аудиторлық тексеру нәтижесі бойынша ұсынымдарын орындау жөніндегі іс-шаралардың жоспар-кестесінің орындалуын бақылау.

## **5. Қызметті қаржыландыру**

Ұлттық Банк өзінің бюджеті (шығыстар сметасы) бар мемлекеттік орган болып табылады. Ұлттық Банк бюджеттік бағдарламалардың басқарушысы болып табылмайды және мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылмайды.

### **Стратегиялық жоспарды әзірлеуге негіз болған бағдарламалық және өзге де нормативтік құқықтық құжаттардың тізбесі**

1. Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын бекіткен Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы» 2001 жылғы 4 желтоқсандағы № 735 Жарлығы.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту жөніндегі шаралар туралы» 2007 жылғы 13 қаңтардағы № 273 Жарлығы.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы» 2007 жылғы 6 сәуірдегі № 310 Жарлығы.
4. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығы.
5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 1284 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы.
6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 қарашадағы № 1039 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар жоспары.
7. «Нәтижелерге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу жөніндегі тұжырымдама туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы № 1297 қаулысы.

8. ҚРҰБ Директорлар кеңесінің 2006 жылғы 8 қыркүйектегі № 147 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ішкі бақылауды ұйымдастыру тұжырымдамасы.
9. Ұлттық Банк Басқармасының 2007 жылғы 24 желтоқсандағы № 146 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ақша-кредит саясатының 2008-2009 жылдарға арналған негізгі бағыттары.
10. «Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» ел Президентінің Қазақстан халқына 1997 жылғы 11 қазандағы жолдауы.
11. «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына 2008 жылғы 6 ақпандағы жолдауы.

**6. Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкес келуі**

Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары және мақсаттары	Мемлекеттік органның қызметі іске асыруға бағытталған мемлекеттің стратегиялық мақсаттары	Стратегиялық құжаттың, нормативтік құқықтық актінің атауы
1	2	3
<b>1-стратегиялық бағыт. Мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу</b>		
Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету	7-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің негізгі мақсаты мен міндеттері Қазақстан Ұлттық Банкінің негізгі мақсаты <b>Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету</b> болып табылады. Негізгі мақсатты іске асыру үшін Қазақстанның Ұлттық Банкіне мынадай міндеттер жүктеледі: 1) мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу; 2) төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету; 3) валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асыру;	«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы № 2155 Заңы

	4) қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу.	
<b>2-стратегиялық бағыт. Валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асыру</b>		
Валюталық режимді одан әрі ырықтандыру жағдайларында тиімді валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асыру	<p>7-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің негізгі мақсаты мен міндеттері</p> <p>Қазақстан Ұлттық Банкінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.</p> <p>Негізгі мақсатты іске асыру үшін Қазақстанның Ұлттық Банкіне мынадай міндеттер жүктеледі:</p> <p>1) мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу;</p> <p>2) төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;</p> <p><b>3) валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асыру;</b></p> <p>4) қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу.</p> <p>5-бап. Валюталық реттеу органдары</p> <p>1. Қазақстан Республикасында валюталық реттеудің негізгі органы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылады.</p>	<p>«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы № 2155 Заңы</p> <p>«Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 маусымдағы №57-III Заңы</p>
<b>3-стратегиялық бағыт. Төлем жүйелерінің жұмыс істеуін ұйымдастыру</b>		
Төлем жүйелерінің жұмыс істеуінің тиімділігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету	<p>7-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің негізгі мақсаты мен міндеттері</p> <p>Қазақстан Ұлттық Банкінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын</p>	<p>«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы № 2155 Заңы</p>

	<p>қамтамасыз ету болып табылады.</p> <p>Негізгі мақсатты іске асыру үшін Қазақстанның Ұлттық Банкіне мынадай міндеттер жүктеледі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу;</li> <li><b>2) төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;</b></li> <li>3) валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асыру;</li> <li>4) қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу.</li> </ol>	
<b>4-стратегиялық бағыт. Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу</b>		
<p>Қаржы тұрақтылығына қауіп төндіретін тәуекелдерді барынша азайту</p>	<p>7-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің негізгі мақсаты мен міндеттері</p> <p>Қазақстан Ұлттық Банкінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.</p> <p>Негізгі мақсатты іске асыру үшін Қазақстанның Ұлттық Банкіне мынадай міндеттер жүктеледі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу;</li> <li>2) төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;</li> <li>3) валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асыру;</li> <li><b>4) қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу.</b></li> </ol>	<p>«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы № 2155 Заңы</p>

## 7. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимыл

Ұлттық Банктің мақсаттары мен міндеттеріне тиімді қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен іс-қимыл мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады.

### ***1. Баға тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша***

Ұлттық Банк Үкіметпен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп республикадағы инфляцияның тұрақты деңгейін ұстап тұру бойынша жұмыс жүргізеді. Мәселен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Экономикалық саясаттың 2010 жылға арналған негізгі бағыттары туралы мәлімдемесіне сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясаты 2010 жылы инфляция деңгейін 6,0-8,0 % дәлізіне жеткізуге бағыттталатын болады.

### ***2. Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу бойынша***

Қазақстан Республикасы қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету саласындағы Ұлттық Банктің рөлі Үкімет, Ұлттық Банк және Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі 2007 жылғы 10 қарашада жасаған Қаржы тұрақтылығының мәселелері жөніндегі меморандум шеңберінде айқындалған. Бұл құжатты қабылдау туралы шешімге қаржы жүйесіндегі проблемаларды ертерек анықтау үшін Ұлттық Банктің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен бірлесіп 2006 жылдан бастап шығаратын қаржы тұрақтылығы туралы жыл сайынғы есептердің қорытындылары негіз болды.

Меморандум мыналардан тұратын қаржы тұрақтылығын қамтамасыз етудің негізгі қағидаттарын айқындайды:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрбір тараптың қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері мен рөлінен,
- ақпараттық өзара іс-қимыл рәсімдерінен,
- жүйелік дағдарыстардың теріс әсер етуін барынша азайтудың қағидаттары мен механизмдерінен.

Меморандум негізінде Ұлттық Банк Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен және Үкіметпен бірлесіп қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі, әлеуетті қауіптер мен тәуекелдерге барабар механизмдер кешенін әзірледі. Атап айтқанда, қаржы жүйесі тұрақсызданған жағдайдағы мемлекеттің шаралары нақтыланды, қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында ведомствоаралық үйлестіру механизмдері мен мемлекеттік реттеу практикасын жетілдіру рәсімдері айқындалды.

---

**Қабылданған қысқартулар және аббревиатуралардың толық жазылуы:**

ЕРТ – ең төменгі резервтік талаптар

АҚ – акционерлік қоғам

ҰӘҚ – Ұлттық әл-ауқат қоры

АВА – алтынвалюта активтері

БААЖ – Банкаралық ақша аудару жүйесі

РМК – Республикалық мемлекеттік кәсіпорын

ҚҚА – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі

ХҚЕС – Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары

ЖОО – жоғары оқу орны

ЖБИ – Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі

БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары

ХВҚ – Халықаралық Валюта Қоры

ЕурАзӘҚ – Еуразиялық экономикалық қоғамдастық

ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

MBA – Master of Business Administration

PR – Public Relations